

С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

Қалыпты физиология кафедрасы валеология курсымен

**Тақырыбы: Адамның психикалық қызметтерінің
ерекшеліктері. (зейін, түйсік, ой, сана, сөз)**

Орындаған: Нуров А.А.

Факультет: ЖМ курс: 2 топ: 2026

Тексерген: Артыкпаева Ұ.С.

Алматы 2008


Жоспар:

I Кіріспе



II Негізгі бөлім


1. Адамның психикалық күйлері
2. Зейін
3. Ойлау
4. Сөз
5. Сана
6. Түйсік

III Қорытынды




- Адамның психикалық әсерленісінің физиологиялық негіздері мен заңдылықтары И.М.сеченов пен И.П. Павловтың ұғыну ілімі арқылы айқындалады.
- Психикалық әрекеттің қалыптасу заңдылықтарын психология ғылымы зерттейді. Ол психиканы мидың ақиқат болмысты бейнелеуі ретінде қарайды.






Психикалық әрекет жалпы психикалық құбылыстардан, күйлерден және кісілік қасиеттерден тұрады. Бұлардың біртұтастығы организмнің тіршілік іс-әрекетін қамтамасыз етеді. Психикалық әрекеттерге ықылас, түйсік, зерде, эмоция, ойлау, сөйлеу, сана жатады.


- Адамның психикалық күйлері: абыржу, қажу, шаршау, жабығу, шабыт, белсенділік түрінде болады.
- Адамның психикалық қасиеттері: қабілеті, типтік ерекшеліктері, мінезі, темпераменті, әлеуметтік бағдары, талаптары, оның санасы арқылы ұйымдастырылады.




- Психикалық әрекеттің негізі – қоршаған ортамен организмнің ақиқат арақатынасын сипаттайтын жеке физиологиялық көріністер. Олар біртұтас бірлестірілген өзіндік бейне құрайды.




- Орталық жүйке жүйесінде болашақ әрекет нәтижесін салыстырғыш, кері байланыс арқылы жеткен оның көрсеткіштерін, белгіленген нышандармен сәйкестігін анықтайды. Мақсаттың орындалған нәтижесіне қарай, жағымды немесе жағымсыз эмоция қалыптасады. Осыған орай әрекет тиылады немесе жаңа шешімдер қабылданады.




- Психикалық әрекеттерді физиологиялық, психиологиялық, социологиялық, кибернетикалық, моделдеу, электрофизиологиялық әдістер арқылы зерттейді.



- **Ыйқылас** – зейін, көңілдің белгілі нәрселерге қажетті мәлімет алу үшін бағыттталып, оған қадалуы. Басқаша айтқанда, организмнің тітіркенуге жауап беруін көрсететін оның сергектік белсенді күйі.







Ықылас түрлері:

- Ерікті ықылас – туа біткен жүйке тетіктері арқылы жүзеге асырылатын құбылыс
- Еріксіз ықылас – адам психикасын мақсатты жұмылдыратын және жанама түрде болатын әлеуметтік дамудың жемісі


Ықыластың әртүрлі көріністері бағдарлау рефлексіне, мидың жергілікті қозу және тежелу мұқтаждықтарына байланысты.

Зейін табиғатын түсіндіруде Н.Н. Ланге ғылымда қалыптасқан келесі тұжырымдар тобын алға тартады:


- Зейін қимылдық икемделудің нәтижесі.
- Зейін сана аумағының шектеулі болуынан туындайды.
- Зейін көңіл-күй нәтижесі.
- Зейін өткен тәжірибенің нәтижесі.
- Зейін рухтық сананың ерекше белсенділік қабілеті.
- Зейін жүйке тітіркендіргіштері күшейуінің нәтижесі.
- Жүйкелік тежелу теориясы.



- Зейін әрекетінің физиологиялық көрінісін түсінуде Ч. Шеррингтон ғылыми дәлелдеп, кейін И.П.Павлов кең қолданған **жүйке процестерінің индукция заңы** үлкен маңызға ие. Бұл заңға орай бас ми қабығының бір аймағында туындаған қозу оның басқа бөліктерінде тежелуді пайда етеді немесе мидың сол бөлігіндегі тежелумен орын ауысады, себебі нақ қозу пайда болған аймақ өзінің сол қозу үшін тиімді жағдайымен ерекшеленеді, сондықтан да бұл арада әсерлер жіктеліп, сарапталады, жаңа шартты байланыстар түзіледі, яғни бұл аймақ нақ сол мезетте – үлкен ми сыңарларының жасампаз қызметі, бұл уақытта адамның астар саналы немесе автоматтандырылған әрекетімен байланысып жатады.





- **Ойлау** – адамның жаңа жағдайларға бейімделуі кезінде мақсаттарды жаңаша шешуге арналған ми қыртысының өте күрделі іс-әрекеті. Ойлау – болмысты, оны бүкіл байланыстарын, қатынастарын және заңдылықтарын жанама түрде, жалпылама бейнелеу.





- *Нақтылы* немесе *көрнекті* – *әсерлі ойлау* бірінші сигналдық жүйеге тіреледі, әрі екінші сигналдық жүйені де арқау етеді.
- *Бейнелі ойлау* – ойша байымдау немесе елестеу және жоспарлау арқылы жүзеге асады. Бұл сөйлеумен тығыз байланысты.
- *Дерексіз–қисынды ойлау* – ұғым, пікір нышандық белгілері және басқа дерексіз санаттарды пайдаланады.


- Ойлау тәсілдері – индукция және дедукция, ойды тұжырымдау жекеден жалпыға немесе керісінше бағытын бейнелейді. *Индукция* – жалпыдан жеке пікір, ал *дедукция* – жеке пікірден жалпы қорытынды шығарады.





- Ойлаудың нейрофизиологиялық негіздерін алғашқы ашқан И.М.Сеченов. Оның айтуынша, ойлау – нәрселерді бір-бірімен салыстыратын мидың рефлекстік құбылыстарының анализдік-синтездік әрекетінің нәтижесі.





- **Сөйлеу** немесе **тіл** – адамдардың қатынас құралы ретінде қалыптасты. Ол еңбектену нәтижесінде адамдар бірімен–бірі түсінісу үшін қажет болды. **Сөз** – бейнелеудің екінші сигналдық белгісі. Тіл байланыстырушы, ұғындырушы және реттеуші қызмет атқарады. Тілдің *байланыстырушы қызметі*– оның адамға тән арнайы қатынас құралы болуы.




- *Тілдің ұғындырушы қызметі* – дерексіз ойлаудың, түсінудің құралы. Түскен ақпаратты талдап қорыту арқылы пікір және тұжырым туады.
- *Тілдің реттеуші қызметі* – сөз арқылы организмнің әртүрлі жүйелерін реттеуді жүзеге асырады. Сөз сигналы ішкі ағзалар қызметін, организмдегі зат алмасу қарқынын өзгертеді.





- *Тілдің акустикалық түрі* – дыбыс сигналдары ретінде болады. Ол сөз түйдектерін жіктеп немесе құрап анық түсінуге көмктеседі, яғни байланыстырушы әрекет атқарады.
- *Тілдің кинестезиялық түрі* – дыбыс шығарушы артикуляциялық мүшелердің қимыл-әрекеті арқылы жүзеге асады.
- *Тілдің оптикалық түрі* – жеке сөз тітіркендіргіштерін талдау және бірлестіру тетіктерін, сөздің символдық мәнін қамтамасыз етеді.




- **Сана** – болмысты бейнелудің ең жоғары сатысы. Сана арқылы адамның қоршаған әлеммен қарым-қатынасы мақсатты түрде реттеледі. Ол адамның сезу, түйсік, елестеу, ықылас, сезім, ырық, ойлау іспетті психикалық іс-әрекетті құралады.



- *Сезіну* дегеніміз ақиқат болмысты жинақталған біліммен салыстыру және адамның тәжірибесін молайту.
- *Саналық* дегеніміз – адамның өзін-өзі және өзінің психикалық күйін түсінетін арнайы кісілік ерекшелігі.
- Саналы істер психиканың 10%-ін құрайды.





Адамның психикалық әсерленісін П.В.Симонов екі топқа бөледі.

- Бірінші топ – *шаласана*.
- Екінші топ – *асқысана* немесе *ИНТУИЦИЯ*.

Көру түйсігінің сипаттамасы	Сол ми сыңары	Оң ми сыңары
Жақсы танылатын тітіркеніс	Сөздік Оңай ажырататын Таныс	Сөздік емес Қиын ажырататын Таныс емес
Жақсы қабылданатын тапсырмалар	Уақыттық қатынасты бағалау Ұқсастығын табу Тітіркеністердің аттары бойынша сәйкестігін табу Сөз арқылы таңбалау	Кеңістіктік қатынасты бағалау Айырмашылығын табу Тітіркеністердің қасиеттері бойынша сәйкестігін табу Кеңістікті көру арқылы талдау
Түйсіктің ерекшеліктері	Жіктеп қабылдау Дәйекті қабылдау Дерексіз, жалпылай, әр нұсқалық тану	Тұтас қабылдау Бір мезгілде түйсіну Нақтылы тану
Жорамалдың құрылымдық айырмашылығы	Қарапайым әрекеттердің бекітілген өкілеттілігі	Шашыраңқы өкілеттілігі

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология
2. Сәтбаева Х.К., Өтепбергенова А.А., Нилдібаева Ж.Б. Адам физиологиясы
3. www.massagan.kz
4. www.google.kz

